

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.04-07.04.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	салуға көмектесу.
	"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды). Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу) Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Қолды жеңге өткізіп,	Құрастырудан ойын-жаттығу "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ұшақ ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын	«Ұшақтар» саусақ жаттығуы Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта». Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды.

	(бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу) Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу) Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау) Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай! Алақай! Алақай! Ғарышкерміз, балақай!		дамыту.		
--	--	--	---------	--	--

	(қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта. 3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	«Дос болайық бәріміз» Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру,	"Алтын микорофон" арқылы тақырыпқа байланысты сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	«Сиқырлы дүрбі» Ойынның мақсат-міндеттер: топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні»

	дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)	ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді: - орындыққа көтерілу және түсу; - үстелдің астынан өту; - «көлді» айналып өту»; - «ну орман» арқылы жануарлардан» жасырыну. Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.	балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (сөйлеуді дамыту)		көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ғажайып ғарыш". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі	Дене шынықтыру "Айтшы, ғарыш алыс па?" Мақсат-міндеттер. Балаларды тізені	Музыка "Аспан әлемі". Мақсат-міндеттер. Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген	Дене шынықтыру "Ғарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен	Қазақ тілі «Ғарышкер деген кім?» Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш,

	шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету.	биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру.	қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; ғарыш туралы ұғым беру.	тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру.	жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.
--	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы сыпыру). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу.	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жолдардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер:	Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жылдың осы уақытында құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жаңа сөздермен, ұғымдармен байыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). (еңбек дағдылары) Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.	Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жолдарды тегістеу). Мақсат-міндеттер: ұлдарға қыздарды құрметтеуге, ауыр жұмыс істеуге үйрету (құм шелектерін көтеру). Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы".	Талды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрену, тапсырманы күш-жігермен орындау.

	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ары қарай секір". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіріп барып ұзындыққа секіруді үйрету.	күрекпен жұмыс жасауға үйрету; еңбекке деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тыңдау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жалаушаға дейін жүгір". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің әр түрлі бағыттағы белгісі бойынша жылдам жүгіру қабілетін бекіту.	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, баспалдақпен жүру, кедергілерден секіру қабілеттерін бекіту.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түзу жолмен жүреміз тура", "Маған қарай жүгіріңдер". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты жоғары лақтыру (қолды емін-еркін қимылдату). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілік пен төзімділікті дамыту.
--	--	---	---	---	--

		жылдамдығын дамыту.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалармен жеке жұмыс	Жұмбақтар жасыру. Орақ болып туады, Табак болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) (сөйлеуді дамыту)	"Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа		Жұмбақтар жасыру. Төрінде тұр нұр көзі, Жердің биік күмбезі.(Аспан) Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан.(Күн) Алып кілем - Гүлге толы Үсті кілең. (Жер) (сөйлеуді дамыту)	

		жүгіріп "ұшу"). - Зуууу! Зуууу! Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу.	Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?".	"Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.

Тексерген: **Бекишева М.А.** 